1 қыркүйек – Білім күніне арналған салтанатты жиын

## АНЫҚТАМАСЫ

1 қыркүйек- Білім күніне орай,мектебімізде "Мектебім - мейірім мекені" атты салтанатты жиын ұйымдастырылды.Салтанатты жиынға құрметті қонақтар келді. 1.Алға аудандық мәслихат хатшысы Тулегенов Марат Шамшадинұлы 2.Алға аудандық қорғаныс істері бөлімінің бастығы, подполковник Нагашиев Габделжалел Кандыбаевич 3.Ақтөбе облысы қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының орынбасары, тәрбие идеологиялық жұмыстары және әскери патриоттық тәрбие бойынша басқарма бастығының міндетін уақытша атқарушы подполковник Досмаев Нурлан Базарханович 4.Ақтөбе облысы қорғаныс істері жөніндегі департаментінің Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің ардагерлерімен жұмыс және әскери патриоттық жұмыстар бөлімі бастығының орынбасары Нурманова Ажар Бакытовна 5.Алға ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің мектептер әскери дайындық және әскери техникалық мектептер жөніндегі қызметкер Кунесова Сауле Ергешовна 6."Отбасын қолдау және диагностика орталығының жетекшісі, Алға аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Ергалиева Бахыт Қарағұлқызы 7.Қазақстанның еңбек сіңірген ардагері Курмангалиева Рысты Бокмановна 8.Қазақ ССР оқу ісінің үздігі Макуова Гафура Галимовна 9.Карпова Мира Жамиевна 10.Бауыржан Ишанов 11.Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Нурсалиев Аскар Назарбаевич Білім күнінде қатар мектебіміздің 1966 жылдың түлегі Ишанов Алшағыр Ныгметұлының құрметіне мектеп музейінде бұрыш ашылды. Өмірден өткенмен болашақ ұрпаққа қалдырған сара жолы елеусіз қалмайды.







Ахмет Байтұрсынұлы туған күніне арналған іс-шара

АНЫҚТАМАСЫ

В.И. Пацаев атындағы орта мектепте 4 қыркүйек А.Байтұрсынұлы туған күніне орай қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдерімен бірлескен іс-шара өтті. Іс – шараға ұстаздар, оқушылар қатысты. Биылғы оқу жылының әдістемелік нұсқаулығымен, оқу жылының мақсат -міндеттерімен таныстырылды. Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсынұлының өмірі, шығармашылығы туралы оқушыларға баяндалып, танымдық сабақтар өткізілді.









Ұйымдастырған: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері мен аға тәлімгер

«Менің отбасым» фотосурет байқауы

8 қазан мектебімізде «Отбасы күні» мерекесіне орай фотобайқау өткізілді. Байқауға көптеген оқушылар ат салыса қатысып, отбасы суреттерін инстаграм желісіне салынды. Байқау қорытындысында қатысқан оқушылар Алғыс хаттармен марапатталды.







Ұйымдастырған: аға тәлімгер, сынып жетекшілер

## «Қарттарын қадірлеген ел ардақты»

1 қазан – Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай аға тәлімгер және еріктілер тобының ұйымдастыруымен «Қарттарға көмек» акциясын өткізді. Аталмыш акцияда еріктілер тобы ардагер ұстазымыздың үйіне барып, аула сыртын,ішін сыпырып жинап, үй ішін тазалау жұмыстарын жүргізді».











**Ұйымдастырған: аға тәлімгер, еріктілер тобы**

«Дублер күні»

5 қазан Халықаралық ұстаздар күні мерекесіне байланысты «Жас Ұлан» және Өзін-өзі басқару ұйымы бірлесуімен мектебімізде «Дублер күні» өткізілді. Оқушыларымыз құрылған жоспарлары бойынша дублер күнін өте жоғары деңгейде атқарып шықты.









«Ұстаз саған мың алғыс»

## 5 қазан – «Халықаралық ұстаздар күні»

Биыл мемлекет басшысы Қасымжомарт Кемелұлының тапсырмасымен Халықаралық ұстаздар күні арнайы 5 қазан болып бекітілді. Осы мерекеге орай мектебімізде Ардагер ұстаздармен кездесу өткізілді. Мектеп директоры Ербол Сембиевич сөз алып ардагер ұстаздарды мерекелерімен құттықтады. Мектеп оқушылары ат салыса қатысып өз өнерлерін көрсетті. Түрлі ойындар ойнатылып, қатысушыларымызға сыйлықтар таратылды.



«Жақсылық алмасы»

«Қайырымдылық істер марафоны» аясында мектебімізде «Жақсылы алмасы» акциясы ұйымдастырылды. Аталмыш акцияда еріктілер тобы барлы бастауыш сынып оқушыларына алма таратылды.






Ұйымдастырған : ДПЖО,аға тәлімгер, еріктілер тобы







**2023 жылдың қазан айында**
**В.И.Пащаев атындағы №2 Алға орта мектебінде ерте жүктіліктің**
**алдын-алу мақсаты бойынша жүргізілген жұмыстарына**

**М ә л і м е т**

Мектепте ерте жүктіліктіңалдын алу мақсатында мектеп медбикесі Г.Б. Машанованың ұйымдастыруымен іс- шаралар өткізілді.
Ерте жүктіліктің зияны тақырыбында мектеп медбикесіГ.Б. Машанова қыз балалардың қатысуымен дәріс оқыды.
Қыз балалардың жеке гигиенасы туралы,жыныс мүшелерінің жетілін өсуі,алғашқы етеккір келген кездегі қолданылатын іс әрекеттер туралы оқушыларға мәлімет берілді.
Қыздардың ерте жүктілігі немен қауіпті сұрағына жүктілік кезінде ағза күшейтген тәртіпте жұмыс істейді-жүрек-қан тамырлары ,эндокриндік жүйе және ішкі құрылысқа үлкен жүктеме артылатыны айтылды. Бұның қиындығы жасөспірімнің гормондық қайта құрылу,жүктілік қайта құрылуға жүктелгені,қыз балалардың ағзасы осындай жүктемелерге әзір емес екендігі айтылды.
Ерте жүктіліктің негізгі проблемасы бұл жыныстық тәрбие туралы білімінің жеткіліксіз болуы,не болмаса тәрбиенің мүлдем жоқтығы.Көптеген отбасыларда бұл тақырыпқа әңгіме қозғалмай,жабық күйде қалады.Бірақ бұл дұрыс емес.Негізінен,жоспарланбаған жүктіліктің 90% отбасындағы тәрбиеге және қарым-қатынасқа байланысты келеді.
Жоспарланбаған жүктіліктен сақтаудың тәсілдері туралы ата-анамен жиі әңгімелесу керек. Жыныстық тәрбие туралы кітаптар оқу.Егер қыз бала жыныстық қатынасқа ерте түссе,оның салдары және болашақта бедеулікке әкелуі толық айтылады..Осындай өмірге ол дайын ба? Баланы көтеріп,өмірге әкеле ала ма? Жасөспірім анадан туылған балдар анасының ағзасы толық өсіп жетілмегендіктен түрлі ақауларымен немесе өлі туылатыны туралы айтылды.
Қыздарға ерте жүктіліктің алдын алу,одан сақтаудың жолдары және құралдары туралы толық ақпарат берілді.

**Медбике** **Машанова Г Б**




Эссе байқауы

Мектебімізде қазан айында қазақ тілі мен әдебиеті онкүндігі аясында және жоспар бойынша қазақ тілі пәні мұғалімдері мен аға тәлімгер ұйымдастыруымен Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жылдығына орай 9-10 сыныптар арасында эссе байқауы өткізілді.

Қатысқан оқушылар Алғыс хаттармен марапатталды.







«Алтын күз – 2023» фотобайқауы
ХАТТАМАСЫ

Мектебімізде жоспар бойынша «Алтын күз – 2023» фотобайқауы өтті. Оған 4 А,Ә,Б,В сыныптарынан 4 жұп, 8 оқушы қатысты.

1. Рахметов Нұрхат, Серік Айару 4 «А» сыныбы
2. Өмірбаев Бексұлтан, Тапитарова Каусар 4 «Ә» сыныбы
3. Самакова Айжүрек, Кубатиева Азиза 4 «Б» сыныбы
4. Чаленко Вадим, Байнияр Ясмин 4 «В» сыныбы

Фотобайқау оқушылардың күз тақырыбына байланысты түскен фотосуреттерін инстаграм әлеуметтік желісіне салып, лайк, комментарий жинау арқылы жүзеге асырылды. Фотосуреттің сапасына, оқушылардың фантазиясына аса назар аударылды. Барлық талаптары қаралған бұл байқауда ең көп жинаған және суретке түсу образымен, киім үлгісімен көзге түскен 4 «Ә» сынып оқушылары бас жүлдеге ие болды. 4 «В» сынып оқушылары І орынмен, 4 «А» сыныбы ІІ орынмен, 4 «Б» сыныбы ІІІ орынмен марапатталып диплом, сыйлықтар алды.

Ұйымдастырған: аға тәлімгер






Мектеп Президенті сайлауы
ХАТТАМАСЫ

2023 жылы қазан айының 24 күні жоспар бойынша мектеп Президенті сайлауы өтті. Оған мектебімізден 8 үміткер қатысты:

1. Амангелді Ералы
2. Абенова Айдана
3. Жұмабек Мирас
4. Кереева Сандуғаш
5. Қазбекова Мейіргүл
6. Махметов Адиль
7. Митмұрат Асем
8. Мұратбаева Асемай

Сайлауға мектебіміздің 7-11 сынып оқушылары белсене атсалысып, өз дауыстарын берді. Сайлау комиссиясы шешімімен ең көп дауыс (58дауыс) жинаған Амангелді Ералы мектеп Президенті болып сайланды.

Қазан, 2023 жыл

**«Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» жасөспірім қыздар арасында өткізілген сыныптан тыс тәрбие сағатының**

## АНЫҚТАМАСЫ

Қазан айында мектебімізде ДТТЖО А.Х. Тасжанбаева, мектеп медбике медбикесі Г. Машанова және аға тәлімгер А.Жанаеваның ұйымдастыруымен «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» атты сыныптан тыс қыздар жиналысы өткізілді. Оған 7-11 сынып қыз балалары қатысты. Тәрбие сағатында қыз балалардың жеке гигиенасы, даму ортасы және күнделікті жүріс-тұрысы, әдебі, киім үлгісі, тәртібі және қоғамда болып жатқан өзекті мәселелер туралы сөз қозғалып, әр түрлі тақырыптар туралы айтылды.








**«Жақсылық сағаты» қайырымдылық сағатының**

**АНЫҚТАМАСЫ**

25 қазан Республика күніне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес; қайырымдылықты насихаттау, оқушыларға үлкенді сыйлау, құрметтеу, мейірімділікті дәріптеу мақсатында «Жақсылық сабағы» өткізілді. Оқушыларға видеоролик көрсетіліп, сұрақ-жауап алынды. Ойын түрінде өткізілген тәрбие сағатында оқушылар өзара сұрақ алмасып, өз ойларын ортаға салды.







Өткізген: аға тәлімгер

**25 қазан Республика күні аясындағы жоспарға сәйкес өткізілген «Көркем табиғат жанашырлары» акциясы, мектеп ауласына тал егу жұмыстары АНЫҚТАМАСЫ**

25 қазан Республика күніне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес «Көркем табиғат жанашырлары» акциясы аясында мектебімізде экоәлем бағыты бойынша еріктілер тобы мектеп ауласына тал егу жұмыстарын жүргізді. Оған еріктілер тобы мүшелері белсене ат салысып, мектеп ауласына ондаған тал отырғызды.







Ұйымдастырушы: аға тәлімгер, экология және еңбек фракциясы жетекшісі
Бақытқали Ж

*«Жылы жүрек – жомарт қол» қайырымдылық акциясы аясында өткізілген жәрмеңке*

## *АНЫҚТАМАСЫ*

25 қазан Республика күніне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес «Жылы жүрек – жомарт қол» акциясы аясында мектепте оқушылар арасында аспаздық ізденістер қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Барлық орта буын, жоғары сынып оқушылары жәрмеңкеге белсене ат салысып, жәрмеңкеден жиналған қаражат толықтай қайырымдылық қорына жұмсалды.







Ұйымдастырған: аға тәлімгер, сынып жетекшілер

**«Электронды темекінің зияны»**

Мектебімізде 8-11 сынып оқушылары арасында «Электронды темекінің зияны» тақырыбында сынып жетекшілерінің жоспарымен тәрбие сағаты өткізілді.
Тәрбие сағатында қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелер қозғалып, оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Мектебімізде аудандық жастар ресурстық орталығы, спорт, аурухана, полиция бөлімінің қызметкерлері оқушылармен кезекті кездесуін өткізді. Кездесу барысында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық мәселелері қозғалып, салауатты өмір салтын сақтау және оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.





**«Ұлттық киім күні» жариялау**

# АНЫҚТАМАСЫ

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттық киімді дәріптеу, насихаттау, жас ұрпаққа өнеге ету мақсатында мектебімізде аптаның әр жұма күні «Ұлттық киім күні» болып жарияланды. Мектеп мұғалімдері мен оқушылары тұтастай ұлттық киім киіп келіп, халқымыздың ұлттық мұра, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын өскелең ұрпаққа түсіндіріп, оқушыларымыз осы дәстүр арқылы бабалар аманатының құндылықты маңызды екендігі түсіндірілді.






## Сурет көрмесі

«Қыран елім – Қазақстан» акциясы аясында мектебімізде 5 сыныптар арасында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге қазақ, орыс сынып оқушылары белсене қатысып, алғыс хаттармен жүлделі орындар және ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды.







Патриоттық әндер челленджі

«Қыран елім – Қазақстан» акциясы аясында мектеп оқушылары арасында патриоттық әндер челленджі ұйымдастырылды. Челленджге барлық орта буын оқушылары белсене ат салысып ұлттық нақыштағы патриоттық әндер орындады.





# *Мистер және мисс – 2023*

***«Өзін-өзі басқару ұйымы» мен «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер бірыңғай ұйымы ұйымдастыруымен Алтын күз – 2023 сайысының жоспары негізінде мектебімізде Мистер және мисс – 2023 сайысы өтті. Сайысқа 8-11 сынып оқушылары қатысып өз өнерлерін көрсетті. Аталған сайыста топ жарып 9 «А» сынып оқушылары «Гран При» жүлдесін жеңіп алса, қалған сынып оқушылары «Белсенді жұп», «Үлгілі жұп» «Көрермен көзайымы» «Шығармашыл жұп», «Жарасымды жұп» номинацияларын иеленді.***









***Ұйымдастырушы: Өзін-өзі басқару ұйымы***

**«Ұстаз саған мың алғыс»**

5 қазан – «Халықаралық ұстаздар күні»
Биыл мемлекет басшысы Қасымжомарт Кемелұлының тапсырмасымен Халықаралық ұстаздар күні арнайы 5 қазан болып бекітілді. Осы мерекеге орай мектебімізде Ардагер ұстаздармен кездесу өткізілді. Мектеп директоры Ербол Сембиевич сөз алып ардагер ұстаздарды мерекелерімен құттықтады. Мектеп оқушылары ат салыса қатысып өз өнерлерін көрсетті. Түрлі ойындар ойнатылып, қатысушыларымызға сыйлықтар таратылды.



## «Лаула, лаула желтоқсанның мұзға жаққан алауы»

Мектебімізде "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 7-8 сынып оқушылары мен Алға аудандық мұражай қызметкерлерінің қатысуымен "Лаула, лаула, желтоқсанның мұзға жаққан алауы" тақырыбында танымдық сағаты өткізілді. Мақсаты: оқушыларға 1986жылғы көтерілістің болуы, жастардың алаңға шығу себептері, олардың алдына қойған мақсаты жайлы түсінік беру.





***«Досболлайк» достық қолын ұсын акциясы***

Мектебімізде 17 қаңтар 17 ақпан аралығында өтетін республикалық «Досболлайк» акциясы бастау алды.

Акцияның мақсаты: мектеп ортасында жасампаз ұжымдық шығармашылық негізінде позитивті қатынастарды қалыптастыру үшін жағдай жасау;

Акция ұраны: НАҒЫЗ ДОСЫҢНЫҢ БОЛҒАНЫН ҚАЛАСАҢ – ДОС БОЛ

Акцияға қатысушылар:

Орта білім беру ұйымдарының білім алушылары: бастауыш, орта буын, жоғары сыныптар, ата-аналар, педагогтер, еріктілер





# Ұлттық киім – ұрпаққа мұра

Наурызнаманың бесінші күні – Ұлттық киім күні мектеп ұстаздарымен оқушылары ұлттық киім дефилесін өткізді. Ұлттық киім – көз көрген халық мәдениетінің ажырамас бөлшегі. Ол жай ғана киім емес, бүтін ұлттың бет-бейнесін айқындар ұлан-ғайыр тарих.
Осыған орай республикалық Наурыз мерекесіне арналған онкүндік шеңберінде мектебімізде 16 наурыз – «Ұлттық киім» күні өтті.

Іс-шараның мақсаты — қазақтың ұлттық киім үлгілерін көпшілікке насихаттау арқылы қазақтың киім кию үлгісін заманауи жаңғырту. Осы бағытта жұмыс атқарып жатқан ұлттық киім дизайнерлерінің туындыларын халыққа кеңінен насихаттау, сондай-ақ сән әлеміне интеграциялауға мұрат ету.









**Наурызнаманың 6 шы күні, яғни наурыз айының 19 «Жаңару күні» «Ерікті жастар» еріктілер тобы «Мейірімді құтқарушылар» акциясына қатысып, су тасқынының алдын алу жұмыстарын жүргізді. Мұздарды ойып, суағарларды қардан тазалады.**









*Домбыра пати*

*Баршамызға қазақ деген атымызды айшықтайтын киелі аспап домбыра күні құтты болсын. Бабалардың қолынан бері ұлықталып келе жатырған аспап ешқашан өз құндылығын жоғалтқан емес. Бүгінде атаулы мерекеге орай, ұлттық аспапты қолға алып, ән-күймен думанға бөлеп жатырмыз. Көненің көзі, асылдың сөзі іспеттес қасиетті аспабымызды ұлықтап жүрейік. Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра.*



Виктор Иванович Пацаев — КСРО-ның ұшқыш-ғарышкері, Кеңес Одағының Батыры Мектеп тарихында Кеңес Одағының батыры, ұшқыш – космонавт, алғашқы В. И. Пацаевтың есімінің болуының өзі зор мақтаныш. Бүгінгі таңда 2024 жылдың 12 сәуірінде адам баласының ғарышқа ұшқанына 63 жыл толады. Мектебімізде 12 сәуір ғарышкерлер күніне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес «Ашық есік» күні ұйымдастырылып, «Ғарыш - келешектің кемелді жолы» мектеп музейіне саяхат өткізілді.







**1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесіне байланысты өткізілген іс-шаралар.**








## «Жақсылық сағаты» қайырымдылық сағатының
## АНЫҚТАМАСЫ

25 қазан Республика күніне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, қайырымдылықты насихаттау, оқушыларға үлкенді сыйлау, құрметтеу, мейірімділікті дәріптеу мақсатында «Жақсылық сабағы» өткізілді. Оқушыларға видеоролик көрсетіліп, сұрақ-жауап алынды. Ойын түрінде өткізілген тәрбие сағатында оқушылар өзара сұрақ алмасып, өз ойларын ортаға салды.







Өткізген: аға тәлімгер

## Жомарт қолдар, мейірімді жүректер
## (жәрмеңке)

«Біртұтас тәрбие» акциясы аясында «Қамқор қолдар, мейірімді жүректер» қолөнер жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңкеге мектеп оқушылары әр-түрлі қолөнер бұйымдарын әкеліп сатты. Түскен қаражат толығымен аз қамтылған оқушыларға мектеп құралдарын алуға жұмсалды.









## Мейірім сандығы

Облыстық ұлағат қайырымдылық акциясы аясында мектебімізде «Мейірім сандығы» жобасы бастау алды. Бұл сандыққа ұстаздар, ата-аналар өз үлестерін қайырымдылыққа қосу мақсатында киім, аяқ киім, оқу құралдары, ойыншықтарымен толықтыруға болады.






***«Досболлайк» достық қолын ұсын акциясы*** аясында мектеп еріктілері асхана қызметкерлеріне көмек қолын созды







«Досболлайк» достық қолын ұсын акциясы аясында 6 «В» сыныбы «Дәмді жәрмеңке» қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Жәрмеңкеден түскен қаражат аз қамтылған отбасылардағы оқушыларға оқу-құралдарын алып беруге жұмсалды.





«АЛТЫН ЖҮРЕК» челленджі

1 наурыз – Алғыс айту күні мерекесіне орай ұйымдастырылған «Алтын жүрек» акциясы аясында мектеп парламенті құрамы «алғыс айтамыз» челленджін әлеуметтік желі арқылы жолдап, алғыс білдірді.









**«МЕЙІРБАН ГУРМАН» қайырымдылық акциясы**

«Ерікті жастар» еріктілер тобы «Мейірбан гурман» атты қайырымдылық акциясы аясында аспаздық ізденістер жөнінде мектепішілік жәрмеңке ұйымдастырды. Жәрмеңкеден түскен қаржыға аз қамтылған отбасыға азық-түлік сатып алынды.









# 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған мектеп оқушыларының мерекелік кеші. Оқушылар ән, би, күй, көріністер қойды. Ойындар ойналып, көңілді кеш ұйымдастырды.









**8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне** арналған мерекелік кеш. Мектептің ер азаматтары аруларды мерекемен құттықтап, концерт ұйымдастырып, сыйлықтар табыстады.






## Көрісу күні

**14 наурыз – Көрісу күні.** Көрісу (Амал мерекесі деп те аталады) — Қазақстанның батыс өңірі мен Ресейдің шекаралас аймақтарындағы қазақтардың арасында сақталған ежелгі дәстүр. Жаңа жылды қарсы алатын аймақ тұрғындары 14 наурызды «Көрісу (жаңа қауышу) күні» деп те атайды. Осы орайда мектебімізде ауқымды іс-шара ұйымдастырылып, қазақтың ұлттық тағамдары жасалынып, ұлттық киім киіп мерекеге жалғасты.









## Әлеуметтік желінің адам өміріндегі рөлі

Жоспарға сәйкес оқушылар арасында әлеуметтік желінің адам өміріндегі рөлі тақырыбына пікірталас өткізілді. Онда қоғамдағы әртүрлі мәселелер қозғалып, оқушылар өз ойларын ашық айтты.





*Денсаулық – зор байлық*

Күзгі каникул кезінде оқушылардың уақытты тиімді пайдалануын және күнделікті күн тәртібінің маңыздылығын түсіндере отырып 4 – 5 сыныптар арасында «Денсаулық – зор байлық» атты спорттық сайыс өткізілді. Сайысқа оқушылар белсене қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Аталған жарыс өте көңілді өтті. Оқушыларға ынталандыру сыйлықтары берілді.









## *Баскетбол ойыны*

*Жоспарға сәйкес мектебімізде «Баскетбол ойыны. Допты торға салу» атты сыныптан тыс спорттық іс-шара өтті. Аталған шараға 7 сынып оқушылары төрт топқа бөлініп белсене қатысып, өнер көрсетті.*







***Жас маман – жарқын болашақ***
***(сайыс)***

***Ақпанды күннің аязына қарамастан мектебімізде «Жас маман – жарқын болашақ» атты жетекші және серіктес мектептердің желілік қауымдастығы арасында аудандық спорттық сайыс өтті. Сайысқа қала, ауыл мектептері белсене қатысып, жүлделі орындарды иеленді, мақтау қағаздарымен , кубоктармен марапатталды.***






## «Қызықты үзіліс»

**«Жас Ұлан» және «Өзін өзі басқару» ұйымының ұйымдастыруымен бастауыш сынып оқушыларымен қоңырауды пайдалы әрі тиімді өткізу мақсатында «қызықты үзіліс» өткізілді.**







## Өрт қауіпсіздігі туралы

Балалардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін қалыптастырып, қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге машықтандыру мақсатында бастауыш сынып оқушыларына "Өрт-тілсіз жау" тақырыбындағы видеороликтер тамашалады.





## Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ

«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты онкүндігінде бастауыш және орта буын оқушылары арасында ашық сынып сағаттары мен сурет көрмесі, бейнероликтер көрсетіліп атап өтілді.





## «Сыбайлас жемқорлық – қоғамның өзекті мәселесі»

Мектеп ұстаздары арасында «Сыбайлас жемқорлық – қоғамның өзекті мәселесі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Аталған шарада қоғамда болып жатқан жағдайларға байланысты ой қозғалып, ұстаздар өзара пікір алмасып, жан – жақты ой түйді.





# Жаңа 2024 жыл

## Жаңа 2024 Ұлу жылын қарсы алу кешінен.





# Тауелсіздік күні (концерт)

16 желтоқсан тәуелсіздік күні мерекесіне орай мектебімізде үлкен іс-шара өткізілді. Оқушылар белсене қатысып,өз өнерлерін көрсетті.



# *Мистер және мисс – 2023*

***«Өзін-өзі басқару ұйымы» мен «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер бірыңғай ұйымы ұйымдастыруымен Алтын күз – 2023 сайысының жоспары негізінде мектебімізде Мистер және мисс – 2023 сайысы өтті. Сайысқа 8-11 сынып оқушылары қатысып өз өнерлерін көрсетті. Аталған сайыста топ жарып 9 «А» сынып оқушылары «Гран При» жүлдесін жеңіп алса, қалған сынып оқушылары «Белсенді жұп», «Үлгілі жұп» «Көрермен көзайымы» «Шығармашыл жұп», «Жарасымды жұп» номинацияларын иеленді.***









***Ұйымдастырушы: Өзін-өзі басқару ұйымы***

# Ұлттық өнер – ұрпаққа мұра

«Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы аясында білім алушылардың рухани- адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, төл ойындарды дәріптеу мақсатында Республика көлемінде бір мезгілде «Бес табан», «Бес асық» ойындары өткізілді.





В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебінің «Өзін – өзі басқару» ұйымының жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, қаңтар айының 20 – сы күні қыз балалар Алға аудандық шығармашылық орталығындағы «Қолөнер» клубына барып, танысты. Клуб жетекшісі қыздарға тігілген кестелерді, қажетті құралдарын, жасалған тігіндерімен толық таныстырып шықты. Сонымен бірге, қыздармен бірлесе отырып, мата қиындыларынан құрақ құрады. Қызығушылық танытқан оқушыларға сабақ кестесімен таныстырады.









**Жаңа жыл** – әлемдегі қуанышқа толы ең ғажайып мерекелердің бірі. Жаңа жыл сиқырлы, әрі қайталанбас таңғажайып мереке. Бәріміз келе жатқан жаңа жылдан жарқын ертегі, жаңа бақыт күтеміз. Осыған орай, мектебіміздің бастауыш және ортаңғы мен жоғары сынып оқушыларына мерекелік бағдарлама өткізілді. Бағдарлама барысында ән мен би, түрлі қызықты ойындар, сыйлықтар және де Аяз ата мен Ақшақар кейіпкерлерімен ұйымдастырылды.







## 1 наурыз – Алғыс айту күні

1 наурыз – Алғыс айту мерекесі қарсаңында мектеп оқушылары алғыс айту шараларын ұйымдастырды. Ашық тәрбие сағаттары өткізіліп, челленджер арқылы ата-анаға, ұстаздарға алғыстарын білдірді.







**"Жас маман - ертеңгі бас маман" атты жас мамандар апталығы аясында А.Жанаева және Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен 8-10 сынып қыздары арасында "Көктем аруы -2024" сайысы өткізілді. Сайыста қыздар белсенділіктерімен, шығармашылығы, тапқырлығымен қатар нәзіктігін, инабаттылығын көрсетіп, өз өнерлерін ортаға салды. Сайыс қорытындысы бойынша Имангужиева Самира "Көктем аруы - 2024" номинациясын жеңіп алды.**







# Мен өз елімнің патриотымын

16 – желтоқсан Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі мерекесіне орай мектебімізде орта буын сыныптары патриоттық әндерден хор сайысына қатысты. Оқушыларға патриоттық сезімдерін ояту , еліне, тіліне деген махаббатын сезіндіру үшін өткізілген бұл сайыста оқушылар да кеш қонақтары да өте керемет әсер алды.







# Тарих тереңіне саяхат

Күзгі каникул кезінде оқушылардың уақытын тиімді өткізуіне және ең басты мақсат балаларға ата-бабаларымыздың өмір жолын терең түсіндіру үшін аудандық мұражайға саяхат жасалды. Мұражай қызметкері балаларға ата-әжелерінің қолданған құрал -саймандарын, киген киімдерін, оқыған кітап-журналдарымен танысып, өте жақсы әсер алып қайтты.





## Отан – отбасынан басталады

Баланың ата-анамен байланысын, қарым-қатынасын нығайту, баланың әкесіне, анасына деген махаббатын ашық білдіру үшін балалар ата-аналарына телефон арқылы қоңырау шалды.









**Әр өлеңі бір әлем**

Ақпан айында лирик ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 93 жыл толуына орай оқушылар ақынның туындыларынан үзінді оқыды. Ақынның ұрпағына қалдырған өшпес ізі мәңгілік жүрегімізде.



«Досболлайк» достық қолын ұсын» акциясы аясында өткізілген сыныптар арасындағы челлендж. Оқушыларды достыққа, татулыққа, бірлікке тәрбиелеу мақсатында өткізілді.








## Ұлттық киім – ұрпаққа мұра

Ұлттық киімді ұлықтау, ұрпаққа өнеге етіп қалдыру мақсатында мектеп оқушылары мен ұстаздары арасында аптаның әр жұма күні «ұлттық киім күні » болып дәстүрге айналды. Осы мақсатты пайдалана отырып мектеп оқушылары «ұлттық киімді дәріптейміз» атты видеороликтер түсірді.









### *Наурыз мейрамы сыныптар арасындағы мерекелік кеші*

*Наурыз – бұл ежелен келе жатқан ұлттық дәстүрлі мереке. Сонау ата – бабамыздан қалған әдет-ғұрыптарды, салт – дәстүрлерді, ұлттық ойындарды, тағамдарды өскелең ұрпақ бойына сіңіру мақсатында ұйымдастырылған мерекелік кеш. Арнайы мерекелік сценарий жасалып, түрлі ұлттық ойындар мен би,ән, күй өткізілді.*







**«Үміт сәулесі»**

Көктемгі каникулды тиімді әрі пайдалы өткізу мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде, «Үміт сәулесі» акциясы аясында мектебіміздің оқушылары мектеп ауласының қарын тазалап, кіші қызметкерлерге көмек қолын созды.







## «Домбыра пати»

Біздің заманымызға қазақ халқының ән – күйлері, жыр дастандары осы киелі домбыра арқылы жеткен. Домбыраны әрбір қазақ қастерлеп үйінің төріне іліп қойды. Көктемгі каникулды тиімді әрі пайдалы өткізу мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде, «Домбыра пати» фестиваліне («Ата-аналар мектебі» жобасы аясында) мектеп оқушылары , ата-аналары , ұстаздары белсене қатысты.





**Көктемгі каникулды тиімді әрі пайдалы өткізу мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде, «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында мектебіміздің оқушылары сенбілік жұмыстарын жүргізді.**







Мектебімізде жыныстық тәрбие бойынша онкүндік аясында директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Тасжанбаева мен аналар клубының төрайымы Б. Мусина , А. Жапаева, сынып жетекші З.Кашкимбаева ұйымдастыруымен қыз бала тәрбиесі және ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында қыздар жиналысы өткізілді.
Мақсаты:Қыздарға ерте жыныстық қатынасқа түсудің зардабы өмірдегі ең үлкен қателік екенін түсіндіру , әр адам өз болашағына өздері жауапты екенін ұғындыру .
Қатысушылар: 9-10-11- сынып білім алушы қыздар қатысты
Қатысушы қыздарға кітапшалар таратылып,Ерте жүктілік туралы видео ролик көрсетілді.
Жиналыс барысында, қыздарымыз көптеген толғандырып жүрген мәселелер бойынша сұрақтарын қойып, ой бөлісті, оқушылар жақсы көңіл-күймен тарқасты.







## «Таза табиғат» (акции)

«Таза табиғат» экологиялық акциясы аясында мектеп мұғалімдерімен мектеп ауласын тазарту акциясы ұйымдастырылды. Барлық мұғалімдер ат салыса қатысып, тазалық жұмыстарын жүргізді.







**25 қазан Республика күні аясындағы жоспарға сәйкес өткізілген «Көркем табиғат жанашырлары» акциясы, мектеп ауласына тал егу жұмыстары**

**АНЫҚТАМАСЫ**

25 қазан Республика күніне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес «Көркем табиғат жанашырлары» акциясы аясында мектебімізде экоәлем бағыты бойынша еріктілер тобы мектеп ауласына тал егу жұмыстарын жүргізді. Оған еріктілер тобы мүшелері белсене ат салысып, мектеп ауласына ондаған тал отырғызды.







Ұйымдастырған: аға тәлімгер, экология және еңбек фракциясы жетекшісі
Бақытқали Ж

«Қысқы пейзаж» тақырыбында суреттер көрмесінің

***АНЫҚТАМАСЫ***

В.Н.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебінде бастауыш сынып оқушылары арасында «Қысқы пейзаж» тақырыбы аясында суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Суреттер байқауына қатысушылар суреттері әлеуметтік желілерге жарияланды. Сонымен бірге, жоғары сынып оқушылары арасында қысқы демалыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында, мектеп ауласында қысқы мүсіндер жасалды. Ерекше көзге түскен мүсіндер үшін алғыс хаттар табысталды






***Мектеп директоры:*** ***Е.С.Куспанов***

Наурызнаманың 6 шы күні, яғни, наурыз айының 19-ы «Жаңару күні» Мектеп оқушылары сыныптарына гүл егу акциясына қатысып, сынып гүлдерін жаңартып, жаңа гүлдер отырғызды.. Аталған шараға барлық сыныптар белсене атсалысты.







**«Болашаққа тал қалтыр» акциясы**

**Ағаш отырғызу - сауапты іс.**

**Жер тоны жібіп, алғашқы көк дүрсіреп шыға бастаған кезде шыбық қадап, тал отырғызу сауапты іс. Жерге жамылған әрбір тал күтімі жақсы болса күні ертең жапырағы дарақка айналып, жанға сая болары сөзсіз.**

**Осы орайда "Ерікті жастар" еріктілер тобы "Болашаққа тал қалтыр" атты тал егу акциясына өз үлестерін қосып, белсене атсалысты. Бұл - келешек ұрпаққа үлгі, өнеге көрсетудің бір нышаны.**







В.Н.Пацаев атындағы #2 Алға орта мектебінің түлектері "Жасыл аймақ" акциясы аясында мектеп ауласына ағаш отырғызу арқылы болашақ ұрпаққа табиғат анаға, күллі жаратылысқа деген ықыласын оятып, адам баласының табиғатпен үйлесімді тұрақ дамытының ұғындыру.

Иә, ел мен жер — оның көгілдір орманы мен мөлдір көлдері, байтақ даласы мен асқақ таулары — біздің басты байлығымыз. Табиғатты қажетімізге мейлінше пайдалану мен бірге оны таза, көркем етіп сақтап қалу, бүгінгі ұрпақтың, біздің міндетіміз.







**«Таза Қазақстан – таза ай»**

**1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні мейрамы аясында Республика бойынша қолға алынған "Таза Қазақстан" экологиялық акциясының «Өнегелі ұрпақ» апталығы шеңберінде мектебіміздің еріктілер тобы ардагерлерімізге көмек қолын созып, аулаларына толық тазалық жұмыстарын жүргізді.**







